

**«Кемел кәсіби даму
орталығы»**



**«Kemel kasibi damu
ortalygy LTD»**

**«Тифлопедагогтің кәсіби қызметі: көру қабілеті бұзылған балаларды оқытуда
арнайы әдістер мен практикалық құралдарды қолдану»**

біліктілікті арттыру курсының

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сағат саны: 80 ақ.сағ.

Алматы 2026

1. Жалпы ережелер

«Тифлопедагогтің кәсіби қызметі: көру қабілеті бұзылған балаларды оқытуда арнайы әдістер мен практикалық құралдарды қолдану» атты біліктілікті арттыру бағдарламасы ПМПК, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің және арнайы мектептер мен арнайы сыныптардың тифлопедагогтарының кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге бағытталған.

Бағдарлама құрылымы Қазақстан Республикасының заңнамасындағы нормативтік-құқықтық негіздерден бастап, психологиялық-педагогикалық қолдау, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, оқыту мен түзете-дамыту жұмысы, заманауи технологияларды қолдану және кәсіби даму мәселелеріне дейінгі барлық маңызды аспектілерді біріктіреді.

Бағдарлама аясында тыңдаушылар көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істеудің ерекшеліктерін, олардың даму динамикасын бағалау мен мониторинг жүргізу тәсілдерін, сондай-ақ түзете-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру жолдарын меңгереді. Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі шеңберінде командалық жұмыс ұйымдастыру, ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесу және кәсіби құжаттаманы жүргізу мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Бағдарламаның өзектілігі

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді дамыту, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім беру жағдайын қамтамасыз ету және педагогтердің кәсіби құзыреттерін жетілдіру мәселелері өзекті болып отыр. Осы бағытта көру қабілеті бұзылған білім алушылармен жұмыс жүргізетін тифлопедагогтің кәсіби рөлі ерекше маңызға ие.

Тифлопедагог көру қабілеті бұзылған балалардың оқу-танымдық әрекетін дамытуға, кеңістікте бағдарлану, сезімдік қабылдау, ұсақ моторика, оқу материалын меңгеру және әлеуметтік бейімделу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған арнайы педагогикалық жұмысты жүзеге асырады. Сондықтан тифлопедагогтің кәсіби қызметі арнайы әдістерді, практикалық құралдарды, тактильді және рельефті-графикалық материалдарды, сондай-ақ ассистивті және цифрлық технологияларды тиімді қолдануды талап етеді.

Ұсынылып отырған біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы педагогтердің кәсіби дамуына қойылатын заманауи талаптарды және қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттарды ескере отырып әзірленді. Атап айтқанда, бағдарлама мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығымен бекітілген Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы №31 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарға; 2025 жылғы 21 мамырдағы

№117 бұйрығымен бекітілген мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартына; сондай-ақ 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларына сәйкес құрастырылды.

Қазіргі білім беру тәжірибесінде тифлопедагогтердің кәсіби қызметіне қатысты бірқатар мәселелер байқалады: көру қабілеті бұзылған білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау мен оқу жетістіктерін мониторингтеу тәжірибесінің жеткіліксіздігі; арнайы әдістемелерді, рельефті-графикалық және тактильді материалдарды қолдану дағдыларының әрқелкілігі; ассистивті және цифрлық технологияларды білім беру процесіне жүйелі енгізу қажеттілігі; түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін талдау және кәсіби құжаттаманы сапалы жүргізу бойынша тәжірибелік қиындықтардың болуы.

Осыған байланысты бағдарлама тифлопедагогтердің көру қабілеті бұзылған балаларды оқытуда арнайы әдістер мен практикалық құралдарды қолдану құзыреттерін дамытуға бағытталған. Бағдарлама мазмұны тыңдаушылардың нормативтік-құқықтық, әдістемелік, диагностикалық, түзете-дамыту және технологиялық құзыреттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік басымдықтармен және әлемдік трендтермен байланысы

«Тифлопедагогтің кәсіби қызметі: көру қабілеті бұзылған балаларды оқытуда арнайы әдістер мен практикалық құралдарды қолдану» біліктілікті арттыру бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың негізгі басым бағыттарымен тығыз байланысты және көру қабілеті зақымдалған білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудегі заманауи халықаралық тәжірибелерді ескереді. Мемлекеттік деңгейде сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алатын жағдайлар жасау негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Бұл ҚР «Білім туралы» Заңында, Білім беруді дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасында (ҚР Үкіметінің 28.03.2023 жылғы №249 қаулысы), ППҚҚ қызметінің жаңа ережелерінде (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 29.04.2025 жылғы №92 бұйрығы) бекітілген. Халықаралық деңгейде бағдарлама Қазақстан қабылданған БҰҰ-ның мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясына, БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына (әсіресе 4-ші мақсатқа) және ЮНЕСКО ұсынымдарына сәйкес келеді. Бағдарлама педагогтердің құзыреттіліктерін қалыптастыруға, ППҚҚ әлеуетін күшейтуге және әлемдік білім беру трендтеріне сәйкес келеді.

2. Глоссарий

Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар)

Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау – қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған көрсетілетін қызметтер мен іс-шаралар кешені

Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет.

Командалық бағалау – педагогтер тобының ерекше білім беру қажеттіліктерін, түзету-дамыту бағдарламасының негізгі бағыттарын айқындауы және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді әдістерін таңдауы

Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар) – белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау;

Тифлопедагогика – көру қабілеті зақымдалған балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту заңдылықтарын зерттейтін арнайы педагогиканың саласы.

Көру қабілеті зақымдалған балалар – көру функциялары толық немесе ішінара бұзылған, арнайы педагогикалық қолдауды қажет ететін балалар.

Қалдық көру – көру қабілеті толық жоғалмаған, арнайы педагогикалық тәсілдер арқылы дамытуға болатын көру мүмкіндігі.

Көру арқылы қабылдау – көру анализаторы арқылы ақпаратты қабылдау процесі, көру бұзылысы жағдайында арнайы әдістер арқылы дамытылады.

Кеңістікте бағдарлану – көру қабілеті зақымдалған адамның қоршаған ортада қозғалу және өз орнын анықтау қабілеті.

Тактильді және рельефті-графикалық құралдар – көру қабілеті зақымдалған білім алушыларға арналған арнайы оқу құралдары (бедерлі суреттер, схемалар, макеттер).

Мониторинг – білім алушының даму динамикасын жүйелі бақылау және талдау процесі.

Рефлексия – педагогтің өз кәсіби қызметін талдау және жетілдіру процесі.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Бұл біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы арнайы білім беру жүйесіндегі тифлопедагогикалық практиканың қазіргі заманғы талаптарын

көрсетеді және инклюзивті білім беру, цифрландыру және педагогикалық қызмет сапасын арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын ескереді.

1. Заманауи нормативтік-құқықтық негіз

Бағдарлама тифлопедагогтердің кәсіби қызметі және көру қабілеті зақымдалған балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау стандарттары саласындағы өзекті заңнамалар негізінде әзірленген. Дәстүрлі курстардан айырмашылығы, бұл бағдарламада тифлопедагогикалық көмектің құқықтық және кәсіби негіздері жүйелі түрде ұсынылады.

Бағдарлама аясында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіндегі (ППҚК) тифлопедагогтың функциялары, кәсіби талаптары, этикалық қағидаттары, сондай-ақ пәнаралық және командалық өзара әрекеттесу мәселелері кешенді түрде қарастырылады.

2. Кешенді модульдік тәсіл

Бағдарлама тифлопедагог қызметінің негізгі бағыттарын – нормативтік, психологиялық-педагогикалық, диагностикалық, түзете-дамыту, технологиялық және кәсіби даму компоненттерін біртұтас жүйеге біріктіреді.

Бұл тәсіл тыңдаушыларда көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істеудің толық түсінігін қалыптастырып, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі аясында тиімді командалық жұмыс жүргізуге дайындықты қамтамасыз етеді.

3. Цифрлық және инновациялық технологияларды енгізу

Бағдарламаның ерекшелігі – тифлопедагогикалық практикаға цифрлық құралдар мен инновациялық технологияларды жүйелі енгізу. Атап айтқанда, келесі бағыттар қарастырылады: сабақтарды жоспарлау және жеке оқыту траекторияларын құруда жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану; тактильді, рельефті-графикалық және мультимедиялық құралдарды қолдану; оқыту нәтижелерін мониторингтеу мен талдауда цифрлық платформаларды пайдалану; тифлопедагогтың цифрлық портфолиосын және кәсіби имиджін қалыптастыру.

Бұл бағыттар педагогтердің цифрлық құзыреттіліктеріне қойылатын қазіргі талаптарға толық сәйкес келеді.

4. Пәнаралық және командалық өзара әрекеттестік

Бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың кешенді моделіне негізделген. Осыған байланысты тифлопедагогтың психологтармен, логопедтермен, әлеуметтік педагогтармен және ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады.

Бағдарламада психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясындағы командалық жұмыс механизмдері, бірлескен жоспарлау және шешім қабылдау тәсілдері қарастырылады. Сонымен қатар көру қабілеті зақымдалған білім алушыларды қолдауда әртүрлі мамандардың үйлесімді әрекет етуінің маңыздылығы айқындалады.

5. Soft skills және кәсіби өзіндік айқындауды дамыту

Бағдарламада тифлопедагогтың кәсіби және тұлғалық дамуына бағытталған компоненттер енгізілген. Оларға кәсіби рефлексия, сыни ойлау, зерттеушілік және жобалық қызмет, сондай-ақ кәсіби коммуникация дағдылары жатады.

Тыңдаушылар өз кәсіби тәжірибесін талдау, авторлық бағдарламалар әзірлеу, әдістемелік материалдар дайындау және кәсіби даму траекториясын жоспарлау дағдыларын меңгереді.

Бағдарламаның жаңашылдығы оның мазмұнында нормативтік дәлдік, әдістемелік жүйелілік, цифрлық технологияларды белсенді қолдану және тифлопедагогтың кәсіби дамуын кешенді қарастырудың үйлесім табуында көрінеді. Бағдарлама заманауи арнайы білім беру жағдайында жұмыс істейтін тифлопедагогтың жаңа моделін қалыптастыруға бағытталған.

Білім беру жүйесіндегі ұқсас бағдарламалардың бар-жоғын талдау

Қазақстан Республикасында ұсынылған біліктілікті арттыру курстарына жүргізілген талдау тифлопедагогика саласында ұсынылатын бағдарламалардың көбінесе жекелеген бағыттарға ғана бағдарланғанын көрсетеді.

Талдаудың негізгі қорытындылары:

Қолданыстағы бағдарламаларда заманауи нормативтік талаптар, оның ішінде кәсіби қызметтің жаңа стандарттары, үлгілік біліктілік сипаттамалары, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясындағы өзара әрекеттесу мәселелері жеткіліксіз көрсетілген, көбінесе көру қабілеті зақымдалған балаларды оқытудың жекелеген әдістемелік аспектілерін ғана қамтиды;

Нормативтік-құқықтық негіздер, психологиялық-педагогикалық қолдау және командалық жұмыс мәселелері жеткілікті деңгейде жүйеленбеген;

Цифрлық технологияларды, оның ішінде жасанды интеллект құралдарын қолдануға арналған мазмұн жеткіліксіз;

Мониторинг, бағалау және деректерге негізделген түзете-дамыту жұмыстары жеткілікті қамтылмаған;

Педагогтердің кәсіби рефлексия және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған пәнаралық өзара әрекеттесу, жобалық және жарияланымдық белсенділік жеткілікті деңгейде қарастырылмаған, бұл тыңдаушылардың кәсіби өсуіне және білім беру ортасында тиімді бейімделуіне кедергі келтіреді.

Қорытынды:

Ұсынылып отырған бағдарлама мазмұны, құрылымы және кешенді тәсілі бойынша бірегей болып табылады. Ол тифлопедагогтың кәсіби қызметінің барлық негізгі аспектілерін қамти отырып, заманауи білім беру талаптарына толық жауап береді.

Бағдарлама нормативтік негіздерді меңгеруді, көру қабілеті зақымдалған білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін диагностикалау мен түзете-дамыту жұмысының заманауи әдістерін қолдануды, цифрлық және ассистивті технологияларды тиімді пайдалануды

және инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби дамуды қамтамасыз ететін жаңа буын тифлопедагогін даярлауға бағытталған.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның мақсаты - тифлопедагогтердің кәсіби құзыреттерін жетілдіру, көру қабілеті зақымдалған білім алушыларға білім беру және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету саласында заманауи тәсілдерді меңгерту, сондай-ақ арнайы білім беру жағдайында тиімді оқыту, түзете-дамыту, бағалау және мониторинг жүргізу дағдыларын қалыптастыру.

Тыңдаушыларды Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тифлопедагог қызметін реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық базамен таныстыру;

Көру қабілеті зақымдалған білім алушылардың даму ерекшеліктерін бағалау және түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру бойынша тұрақты практикалық дағдыларды қалыптастыру;

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету аясында пәнаралық және командалық өзара әрекеттесу туралы кәсіби білімдерін кеңейту;

Түзете-дамыту жұмысының мазмұнын жоспарлау және тифлопедагогикалық құжаттаманы жүргізу әдістерін меңгерту;

Тифлопедагогикалық тәжірибеде цифрлық білім беру ресурстарын, тактильді және рельефті-графикалық құралдарды, сондай-ақ жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді қолдану дағдыларын дамыту;

Тифлопедагогтің кәсіби өзара әрекеттесу, рефлексия және өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыру жолдарын көрсету;

Тифлопедагогтің зерттеу, әдістемелік және инновациялық қызметке қабілетті маман ретінде кәсіби өсуіне ықпал ету.

Бағдарламаны меңгерудің күтілетін нәтижелері:

Оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушы:

Білім беру жүйесіндегі тифлопедагог қызметінің нормативтік-құқықтық негіздерін меңгереді;

Көру қабілеті зақымдалған білім алушылардың даму ерекшеліктерін бағалау әдістерін қолданады және педагогикалық қорытынды жасайды;

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚ) мамандарымен және ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесе отырып, тифлопедагогикалық қолдау көрсетеді;

Көру қабілеті бұзылған балалармен жұмыс барысында цифрлық және интерактивті құралдарды, оның ішінде тактильді және рельефті-графикалық ресурстарды, мультимедиалық платформаларды, жасанды интеллект негізіндегі қосымшаларды қолданады.

Қолданыстағы талаптар мен стандарттарға сәйкес көру қабілеті бұзылған білім алушылармен жүргізілетін жұмыс құжаттамасын: жоспарларды, мониторинг материалдарын және бағалау нәтижелерін рәсімдейді.

Білім алушылардың даму динамикасын бақылау, талдау және мониторинг жүргізу дағдыларын меңгереді;

Кәсіби даму траекториясын қалыптастырады және аттестацияға дайындалады;

Өзінің педагогикалық тәжірибесін цифрлық портфолио, авторлық бағдарлама немесе әдістемелік әзірleme түрінде ұсынады.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы:

Ұсынылып отырған біліктілікті арттыру курсы білім беру жүйесінде тифлопедагогтерде кездесетін өзекті кәсіби міндеттерді шешуге бағытталғандықтан, жоғары қолданбалы маңызға ие. Бағдарлама мазмұны көру қабілеті зақымдалған білім алушыларды тиімді оқыту, түзете-дамыту және психологиялық-педагогикалық қолдау үшін қажетті нақты практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Заманауи нормативтік талаптарды көрсету – тыңдаушылар тифлопедагог қызметін қолданыстағы стандарттарға, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіндегі (ППҚК) тифлопедагогтың функцияларына, құқықтары мен міндеттеріне, жауапкершілік аймағына толық сәйкес ұйымдастыру үшін қажетті нақты түсініктер алады.

Көру қабілеті бұзылған балалармен бағалау және түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру бойынша практикалық дағдыларды дамыту – қатысушылар баланың көру мүмкіндіктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, кешенді зерттеу жүргізу, ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау, педагогикалық қорытынды жасау, түзете-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және жеке, топтық сабақтарды ұйымдастыру әдістерін меңгереді.

Арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істеуге дайындық – тыңдаушылар ата-аналармен, педагогтермен және ППҚК мамандарымен тиімді өзара әрекеттесу құралдарын игереді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеу барысында командалық тәсіл қағидаларын, бағдарламаларды бейімдеу және құжаттаманы жүргізу дағдыларын меңгереді.

Цифрлық технологияларды интеграциялау – курс заманауи тифлопедагогикалық цифрлық ресурстарды, тактильді, рельефті-графикалық және мультимедиалық құралдарды, сондай-ақ жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдануды қамтиды. Бұл маманға оқыту мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың бетпе-бет және қашықтан форматтарында тиімді және инновациялық шешімдерді қолдануға мүмкіндік береді.

Кәсіби дамуға дайындықты қалыптастыру – тыңдаушылар кәсіби рефлексия жүргізу, цифрлық портфолио қалыптастыру, аттестацияға дайындалу, әдістемелік қауымдастықтарға қатысу, зерттеу және жобалық қызметті жүзеге асыру дағдыларын меңгереді.

Білім беру ұйымында көру қабілеті бұзылған білім алушыларға көрсетілетін арнайы педагогикалық көмектің сапасын арттыру – бағдарламаны іске асыру көру қабілеті бұзылған білім алушыларға көрсетілетін педагогикалық қолдаудың сапасын жақсартуға, олардың танымдық дамуына, кеңістікте бағдарлану дағдыларының қалыптасуына

және әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді, сондай-ақ оқу қиындықтарының алдын алуға мүмкіндік береді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Модуль 1. Тифлопедагог қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері

Модульдің мақсаты:	Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі тифлопедагог қызметінің нормативтік-құқықтық, кәсіби және этикалық негіздері туралы, қолданыстағы заңнама талаптарын, стандарттарды және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (ППҚҚ) ерекшеліктерін ескере отырып, тыңдаушыларда тұтас түсінік қалыптастыру.
Модульдің міндеттері:	Арнайы білім беру жағдайында тифлопедагогикалық көмекті реттейтін қолданыстағы заңнама және нормативтік құжаттарды зерделеу; Педагогтің кәсіби стандарты мен тифлопедагогтің біліктілік сипаттамалары талаптарымен таныстыру; ППҚҚ құрамындағы тифлопедагогтің лауазымдық міндеттерінің құрылымы мен мазмұнын ашып көрсету; Тифлопедагогтің кәсіби этикасы мен деонтологиясының негіздерін зерделеу; Маманда кәсіби жауапкершілікке, құқықтық сауаттылыққа және этикалық мәдениетке деген көзқарас қалыптастыру.
Модульдің күтілетін нәтижелері:	Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: Көру қабілеті бұзылған білім алушыларды оқыту, дамыту және арнайы педагогикалық қолдау көрсетуге қатысты қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны біледі; Тифлопедагогтің құзыреттіліктері мен функцияларын анықтайтын кәсіби стандарттың негізгі ережелерін түсінеді; Тифлопедагогтің типтік біліктілік сипаттамасының мазмұнын меңгереді;

	<p>Психологиялық-педагогикалық қолдаудың пәнаралық командасы құрамындағы тифлопедагогтің рөлі мен жауапкершілігін түсінеді;</p> <p>Арнайы білім беру ұйымында көру қабілеті бұзылған білім алушылармен арнайы педагогикалық жұмысты тиімді және қауіпсіз ұйымдастыруға қажетті кәсіби және этикалық нормаларды меңгереді.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Бұл модуль курсқа кіріспе болып табылады және тифлопедагогтің кәсіби даярлығының нормативтік және әдіснамалық негізін қалыптастырады. Модуль аясында көру қабілеті бұзылған білім алушыларды оқыту, дамыту және арнайы педагогикалық қолдау көрсету мәселелерін реттейтін негізгі заңнамалық және нормативтік құжаттар қарастырылады.</p> <p>Педагогтің кәсіби стандарты мен тифлопедагогтің біліктілік сипаттамалары маманның кәсіби қызметін ұйымдастырудың негізгі нормативтік бағдарлары ретінде талданады.</p> <p>Модульде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚҚ) құрамындағы тифлопедагогтің қызметі жан-жақты қарастырылады: оның функционалдық міндеттері, кәсіби рөлі, білім алушылардың дамуына ықпал ету жауапкершілігі, сондай-ақ әріптестермен және ата-аналармен өзара әрекеттесу ерекшеліктері.</p> <p>Сонымен қатар тифлопедагогтің кәсіби қызметін ұйымдастыруда педагогикалық әдептілік, білім алушылардың құқықтарын сақтау, құпиялылық және кәсіби этика қағидаттарына ерекше назар аударылады.</p>

Модуль 2. Көру қабілеті зақымдалған балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау

<p>Модульдің мақсаты:</p>	<p>Көру қабілеті зақымдалған білім алушылардың даму ерекшеліктерін кешенді бағалау, олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және педагогикалық қорытынды жасау бойынша тыңдаушылардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру.</p>
<p>Модульдің міндеттері:</p>	<p>Көру қабілеті зақымдалған балалардың қалдық көруін және көру арқылы қабылдау ерекшеліктерін зерттеу әдістерін меңгерту; Білім алушылардың кеңістікте және әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану деңгейін бағалау тәсілдерін қарастыру; Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауға арналған заманауи диагностикалық әдістер мен құралдарды қолдануды үйрету; Бағалау нәтижелерін талдау және педагогикалық қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру; Диагностикалық деректер негізінде түзете-дамыту жұмысының мазмұнын жоспарлау жолдарын көрсету.</p>
<p>Модульдің күтілетін нәтижелері:</p>	<p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: Көру қабілеті зақымдалған білім алушылардың даму ерекшеліктерін бағалау әдістерін меңгереді; Қалдық көру, көру арқылы қабылдау және кеңістікте бағдарлану деңгейін анықтай алады; Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауға арналған диагностикалық құралдарды тиімді қолданады; Бағалау нәтижелерін талдап, педагогикалық қорытынды жасайды; Алынған деректер негізінде түзете-дамыту жұмысының бағыттарын анықтайды.</p>

Модуль сипаттамасы:	<p>Бұл модуль көру қабілеті зақымдалған білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауға бағытталған бағалау қызметінің мазмұнын ашады. Модуль аясында қалдық көру мүмкіндіктерін, көру арқылы қабылдауды, сондай-ақ кеңістікте және әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану деңгейін зерттеу әдістері қарастырылады.</p> <p>Тыңдаушылар заманауи бағалау құралдарды қолдануды, алынған нәтижелерді жүйелеуді және талдауды, педагогикалық қорытынды жасауды меңгереді. Сонымен қатар бағалау нәтижелерін түзете-дамыту жұмысының мазмұнын жоспарлауда тиімді пайдалану жолдары қарастырылады.</p> <p>Модульде білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, деректерге негізделген шешім қабылдау және кәсіби диагностикалық қызметті ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аударылады.</p>
---------------------	---

Модуль 3. Психологиялық-педагогикалық қолдау және командалық жұмыс

Модульдің мақсаты:	<p>Көру қабілеті зақымдалған білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету ерекшеліктерін меңгерту, пәнаралық өзара әрекеттесу және командалық жұмыс аясында тиімді кәсіби қызмет жүргізу дағдыларын қалыптастыру.</p>
Модульдің міндеттері:	<p>Көру қабілеті зақымдалған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу; Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен негізгі бағыттарын қарастыру;</p>

	<p>ППҚҚ аясында мамандар командасымен және ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесу тәсілдерін меңгерту; Командалық жұмыс негізінде білім алушыны сүйемелдеу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру; Білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қолдау көрсету стратегияларын таңдауды үйрету.</p>
<p>Модульдің нәтижелері: күтілетін</p>	<p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: Көру қабілеті зақымдалған білім алушыларды оқыту және түзете-дамыту жұмысының мазмұнын түсінеді; Қалдық көруді дамыту және көру арқылы қабылдауды жетілдіру әдістерін қолданады; кеңістікте бағдарлану және әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру тәсілдерін меңгереді; Өртүрлі форматтағы (жеке, топтық) сабақтарды тиімді жоспарлайды және ұйымдастырады; Арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалайды; Түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін бақылау, талдау және мониторинг жүргізеді.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Бұл модуль көру қабілеті зақымдалған білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің мазмұны мен ұйымдастырылуын қарастырады. Модуль аясында балалардың даму ерекшеліктері, олардың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуының ерекшеліктері талданады. Тыңдаушылар психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі (ППҚҚ) аясындағы командалық жұмыстың құрылымы мен</p>

	<p>мазмұнын меңгереді. Сонымен қатар әртүрлі мамандармен (психолог, логопед, әлеуметтік педагог және т.б.) және ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесу жолдары қарастырылады.</p> <p>Модульде білім алушыны қолдау үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және үйлестіру мәселелеріне ерекше назар аударылады.</p> <p>Командалық тәсіл негізінде қабылданатын шешімдердің тиімділігі, өзара жауапкершілік және кәсіби коммуникация дағдылары қарастырылады.</p>
--	---

Модуль 4. Тифлопедагогтің оқыту және түзете-дамыту жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуы

Модульдің мақсаты:	<p>Көру қабілеті зақымдалған білім алушыларды оқыту және түзете-дамыту жұмысын ұйымдастырудың заманауи әдістерін меңгерту, олардың танымдық, кеңістіктік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған кәсіби құзыреттерді қалыптастыру.</p>
Модульдің міндеттері:	<p>Тифлопедагогтің оқыту және түзете-дамыту жұмысының ерекшеліктерін қарастыру;</p> <p>Қалдық көруді қорғау және дамыту, көру арқылы қабылдауды жетілдіру әдістерін меңгерту;</p> <p>Кеңістікте және әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану дағдыларын қалыптастыру тәсілдерін үйрету;</p> <p>Жеке, кіші топтық және топтық сабақтарды ұйымдастырудың тиімді жолдарын көрсету;</p> <p>арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру және оқу жетістіктерін бағалау әдістерін меңгерту;</p> <p>Түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін мониторингтеу және талдау дағдыларын қалыптастыру.</p>

<p>Модульдің нәтижелері:</p>	<p>күтілетін</p>	<p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: Көру қабілеті зақымдалған білім алушыларды оқыту және түзете-дамыту жұмысының мазмұнын түсінеді; Қалдық көруді дамыту және көру арқылы қабылдауды жетілдіру әдістерін қолданады; Кеңістікте бағдарлану және әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру тәсілдерін меңгереді; Әртүрлі форматтағы (жеке, топтық) сабақтарды тиімді жоспарлайды және ұйымдастырады; Арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалайды; Түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін бақылау, талдау және мониторинг жүргізеді.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>		<p>Бұл модуль тифлопедагогтің кәсіби қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі – оқыту және түзете-дамыту жұмысының мазмұнын және оны ұйымдастыру ерекшеліктерін қарастырады. Модуль аясында көру қабілеті зақымдалған білім алушылардың даму ерекшеліктеріне сәйкес оқыту процесін бейімдеу жолдары талданады. Тыңдаушылар қалдық көруді қорғау және дамыту, көру арқылы қабылдауды жетілдіру, сондай-ақ кеңістікте және әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану дағдыларын қалыптастыру әдістерін меңгереді. Сонымен қатар сабақтарды ұйымдастырудың әртүрлі формалары, оқу бағдарламаларын жүзеге асыру және білім алушылардың жетістіктерін бағалау мәселелері қарастырылады. Модульде түзете-дамыту жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында мониторинг жүргізу, нәтижелерді талдау және деректерге негізделген</p>

	педагогикалық шешімдер қабылдау мәселелеріне ерекше назар аударылады.
--	---

Модуль 5. Тифлопедагог қызметіндегі заманауи технологиялар мен тиімді практикалар

Модульдің мақсаты:	Тифлопедагогикалық практикада заманауи педагогикалық, цифрлық және ассистивті технологияларды тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру, көру қабілеті зақымдалған білім алушыларды оқыту мен қолдаудың сапасын арттыру.
Модульдің міндеттері:	Тифлопедагог жұмысында қолданылатын заманауи педагогикалық технологияларды қарастыру; Тактильді, рельефті-графикалық және арнайы оқыту құралдарын тиімді пайдалану жолдарын меңгерту; Цифрлық білім беру ресурстары мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану дағдыларын дамыту; Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, саралап және жеке бағдарланған оқыту тәсілдерін үйрету; Инновациялық құралдарды оқу және түзете-дамыту процесіне кіріктіру жолдарын көрсету.
Модульдің нәтижелері:	күтілетін
	Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: Көру қабілеті бұзылған білім алушыларды оқыту процесінде заманауи педагогикалық технологияларды, тактильді және рельефті-графикалық құралдарды тиімді қолданады; Цифрлық ресурстарды және жасанды интеллект негізіндегі құралдарды оқу процесіне енгізеді; Білім алушылардың ерекшеліктеріне сәйкес саралап және жеке бағдарланған оқыту әдістерін қолданады;

	Оқыту мен түзете-дамыту жұмысында инновациялық тәсілдерді тиімді пайдаланады.
Модуль сипаттамасы:	<p>Бұл модуль тифлопедагогтің кәсіби қызметінде қолданылатын заманауи технологиялар мен тиімді практикаларды қарастырады. Модуль аясында арнайы педагогикадағы инновациялық тәсілдер, цифрлық білім беру ресурстары және ассистивті технологиялар мүмкіндіктері талданады.</p> <p>Тыңдаушылар тактильді және рельефті-графикалық құралдарды, мультимедиялық ресурстарды, сондай-ақ жасанды интеллект негізіндегі қосымшаларды қолдану арқылы оқыту процесін тиімді ұйымдастыру жолдарын меңгереді. Сонымен қатар білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқыту және жеке білім беру траекториясын құру тәсілдері қарастырылады.</p> <p>Модульде цифрлық технологияларды білім беру процесіне кіріктіру, оқу нәтижелерін жақсарту және тифлопедагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылады.</p>

Модуль 6. Тифлопедагогтің кәсіби дамуы және рефлексиясы

Модульдің мақсаты:	Тифлопедагогтің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету, рефлексиялық, зерттеушілік және әдістемелік қызметін жетілдіру, сондай-ақ кәсіби өсу траекториясын жоспарлау дағдыларын қалыптастыру.
Модульдің міндеттері:	Тифлопедагогтің зерттеу және жобалау қызметінің негіздерін қарастыру; Кәсіби даму мен аттестация талаптарын зерделеу және соған дайындық жолдарын көрсету;

		<p>Педагогтің кәсіби рефлексия жүргізу дағдыларын қалыптастыру; цифрлық портфолио құру, жүргізу және рәсімдеу тәсілдерін меңгерту; Әдістемелік және инновациялық қызметке қатысу арқылы кәсіби өсу мүмкіндіктерін анықтау.</p>
Модульдің нәтижелері:	күтілетін	<p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: Өзінің кәсіби қызметіне талдау жасап, рефлексия жүргізеді; Кәсіби даму траекториясын жоспарлайды және жүзеге асырады; Аттестация талаптарын түсініп, оған дайындалады; Цифрлық портфолио әзірлейді және кәсіби жетістіктерін жүйелейді; Зерттеу, әдістемелік және жобалық қызметке қатысады және өз тәжірибесін таратады.</p>
Модуль сипаттамасы:		<p>Бұл модуль тифлопедагогтің кәсіби дамуының заманауи бағыттарын қарастырады және оның кәсіби қызметін үздіксіз жетілдіруге бағытталған. Модуль аясында педагогтің рефлексиялық мәдениеті, өзін-өзі бағалау және кәсіби өсу стратегиялары талданады. Тыңдаушылар зерттеу және жобалау қызметінің негіздерін меңгеріп, өз тәжірибесін талдау және жетілдіру жолдарын үйренеді. Сонымен қатар аттестация талаптары, кәсіби стандарттар және әдістемелік қызметті дамыту мәселелері қарастырылады. Модульде цифрлық портфолио жүргізу, кәсіби жетістіктерді жүйелеу және педагогтің кәсіби имиджін қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Бұл тифлопедагогтің білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.</p>

оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Д ә р і с	Пра кти ка лық саба қ	С е м и на р	Ба р лығы
1	Модуль 1. Тифлопедагог қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері				16
1.1	Арнайы және инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық негіздері	2	1	1	4
1.2	Көру қабілеті зақымдалған балаларға көрсетілетін арнайы педагогикалық қолдаудың мазмұны	2	1	1	4
1.3	Тифлопедагогтың кәсіби құзыреттері мен қызмет бағыттары	2	1	1	4
1.4	Тифлопедагог қызметіндегі негізгі құжаттарды рәсімдеу	2	1	1	4
2	Модуль 2. Көру қабілеті зақымдалған балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау				12
2.1	Көру қабілеті зақымдалған балалардың қалдық көруін және көру арқылы қабылдау ерекшеліктерін зерттеу	1	1	1	3
2.2	2 Кеңістікте және әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлануын зерттеу	1	1	1	3
2.3	Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау әдістері мен құралдары	1	1	1	3
2.4	Бағалау нәтижелерін талдау және педагогикалық қорытынды жасау	1	1	1	3
3	Модуль 3. Психологиялық-педагогикалық қолдау және командалық жұмыс				12
3.1	Көру қабілеті зақымдалған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	1	1	1	3

3.2	Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен негізгі бағыттары	1	1	1	3
3.3	Ата-аналармен және мамандар командасымен тиімді жұмыс жүргізу	1	1	1	3
3.4	Психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру	1	1	1	3
4	Модуль 4. Тифлопедагогтің оқыту және түзете-дамыту жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуы				16
4.1	Тифлопедагогтің оқыту және түзете-дамыту жұмысының ерекшеліктері	2	1	1	4
4.2	Қалдық көруді және көру арқылы қабылдауды қорғау мен дамыту әдістері	1	1	1	3
4.3	Әлеуметтік-тұрмыстық және кеңістіктікте бағдарлау дағдыларын қалыптастыру	1	1	1	3
4.4	Жеке, кіші топтық және топтық сабақтарды ұйымдастыру	1	1	1	3
4.5	Көру қабілеті зақымдалған білім алушыларға арналған арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру және оқу жетістіктерін бағалау	1	1	1	3
5	Модуль 5. Тифлопедагог қызметіндегі заманауи технологиялар мен тиімді практикалар				12
5.1	Тифлопедагог жұмысындағы заманауи педагогикалық технологиялар	1	1	1	3
5.2	Тактильді, рельефті-графикалық және арнайы оқыту құралдарын тиімді пайдалану	1	1	1	3
5.3	Цифрлық білім беру ресурстары мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану	1	1	1	3
5.4	Саралап және жеке бағдарланған оқыту тәсілдері	1	1	1	3
6	Модуль 6. Тифлопедагогтің кәсіби дамуы және рефлексиясы				12
6.1	Тифлопедагогтің зерттеу және жобалау қызметі	2	1	1	4

6.2	Тифлопедагогтің аттестациясы және кәсіби дамуын сүйемелдеу	2	1	1	4
6.3	Тифлопедагогтің цифрлық портфолиосы: мазмұны, құралдары және рәсімдеу жолдары	2	1	1	4
Барлығы					80

80 академиялық сағатқа арналған қашықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыптары	Видеосабақтар	Вебинар	Тыңдаушының өзіндік жұмыстары	Барлығы
1	Модуль 1. Тифлопедагог қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері				16
1.1	Арнайы және инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық негіздері	2	1	1	4
1.2	Көру қабілеті зақымдалған балаларға көрсетілетін арнайы педагогикалық қолдаудың мазмұны	2	1	1	4
1.3	Тифлопедагогтың кәсіби құзыреттері мен қызмет бағыттары	2	1	1	4
1.4	Тифлопедагог қызметіндегі негізгі құжаттарды рәсімдеу	2	1	1	4

2	Модуль 2. Психологиялық-педагогикалық қолдау және командалық жұмыс				12
2.1	Көру қабілеті зақымдалған балалардың қалдық көруін және көру арқылы қабылдау ерекшеліктерін зерттеу	1	1	1	3
2.2	2 Кеңістікте және әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлануын зерттеу	1	1	1	3
2.3	Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау әдістері мен құралдары	1	1	1	3
2.4	Бағалау нәтижелерін талдау және педагогикалық қорытынды жасау	1	1	1	3
3	Модуль 3. Психологиялық-педагогикалық қолдау және командалық жұмыс				12
3.1	Көру қабілеті зақымдалған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	2	1	1	3
3.2	Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен негізгі бағыттары	2	1	1	3
3.3	Ата-аналармен және мамандар командасымен тиімді жұмыс жүргізу	2	1	1	3
3.4	Психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру	1	1	1	3
4	Тифлопедагогтің оқыту және түзете-дамыту жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуы				16
4.1	Тифлопедагогтің оқыту және түзете-дамыту жұмысының ерекшеліктері	2	1	1	4
4.2	Қалдық көруді және көру арқылы қабылдауды қорғау мен дамыту әдістері	1	1	1	3
4.3	Әлеуметтік-тұрмыстық және кеңістіктікте бағдарлау дағдыларын қалыптастыру	1	1	1	3

4.4	Жеке, кіші топтық және топтық сабақтарды ұйымдастыру	1	1	1	3
4.5	Көру қабілеті зақымдалған білім алушыларға арналған арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру және оқу жетістіктерін бағалау	1	1	1	3
5	Модуль 5. Тифлопедагог қызметіндегі заманауи технологиялар мен тиімді практикалар				12
5.1	Тифлопедагог жұмысындағы заманауи педагогикалық технологиялар	1	1	1	3
5.2	Тактильді, рельефті-графикалық және арнайы оқыту құралдарын тиімді пайдалану	1	1	1	3
5.3	Цифрлық білім беру ресурстары мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану	1	1	1	3
5.4	Саралап және жеке бағдарланған оқыту тәсілдері	1	1	1	3
6	Модуль 6. Тифлопедагогтің кәсіби дамуы және рефлексиясы				12
6.1	Тифлопедагогтің зерттеу және жобалау қызметі	2	1	1	4
6.2	Тифлопедагогтің аттестациясы және кәсіби дамуын сүйемелдеу	2	1	1	4
6.3	Тифлопедагогтің цифрлық портфолиосы: мазмұны, құралдары және рәсімдеу жолдары	2	1	1	4
Барлығы					80

6. Оқу процесін ұйымдастыру

«Тифлопедагогтің кәсіби қызметі: көру қабілеті бұзылған балаларды оқытуда арнайы әдістер мен практикалық құралдарды қолдану» атты біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша оқу процесі модульдік құрылымды, практикаға бағытталған форматтарды және заманауи цифрлық білім беру технологияларын қолдану арқылы ұйымдастырылады.

Бағдарламаны іске асыру көлемі:

80 академиялық сағат

Оқыту формалары:

Аудиториялық (күндізгі): дәрістер, практикалық сабақтар, семинарлар оқытушының тікелей қатысуымен және практикалық-бағытталған өзара әрекеттесу арқылы жүргізіледі.

Қашықтан: бейнедәрістер, вебинарлар, онлайн ортадағы тапсырмалар, қолдау көрсету және қорытынды аттестация онлайн-форматта ұйымдастырылады.

Оқу процесінің құрылымы келесі компоненттерден тұрады:

Бейнесабақтар: әр модуль бойынша асинхронды лекциялық блоктар, презентациялармен, сызбалармен, әдістемелік түсініктемелермен және тифлопедагогикалық тәжірибеден нақты мысалдармен қамтамасыз етіледі.

Вебинарлар: оқытушымен синхронды онлайн кездесулер, онда кейстер талқыланып, құжаттама, бағдарламалар және ППҚҚ қатысушыларымен өзара әрекеттесу мәселелері қарастырылады.

Дәрістер: Арнайы білім беру жүйесіндегі тифлопедагог қызметінің теориялық негіздері, бағалау, түзете, кәсіби стандарттар бойынша өзекті тәсілдер (күндізгі немесе қашықтан).

Практикалық сабақтар: көру қабілеті зақымдалған білім алушылардың даму карталарын және педагогикалық қорытындыларын талдау, түзете-дамыту жаттығуларын әзірлеу, көріп қабылдауды және кеңістікті бағдарлауға арналған тапсырмаларды дайындау, визуалды және цифрлық құралдарды қолдану, білім алушылардың даму динамикасына қатысты кейстерді талдау.

Семинарлар: тәжірибе алмасу, деонтология тақырыптары бойынша пікірталастар, ата-аналармен өзара әрекеттесу, пәнаралық командада жұмыс істеу, қызметтің нормативтік негіздерін талқылау.

Тыңдаушының өздік жұмысы: түзете-дамыту бағдарламаларын жобалау, тифлопедагог сабақтарының бейнежазбаларын талдау, көру қабілеті зақымдалған білім алушылармен жұмысқа арналған әдістемелік материалдар әзірлеу, нормативтік-құқықтық базамен жұмыс жасау, кәсіби рефлексия жүргізу.

Қорытынды аттестаттау: модульдер мазмұны бойынша тестілеу, қорытынды жобаны қорғау (бағдарлама фрагменті, тифлопедагогикалық әзірлеме), практикалық кейсті талдау және нәтижелерді сараптамалық бағалаумен презентациялау.

Бақылау және кері байланыс түрлері:

Әр модульдегі ағымдағы тапсырмалар (практикалық кейстер, шағын жобалар, бақылау блоктары);

Онлайн-платформа, форум немесе қолдау чаттары арқылы сүйемелдеу;
Қорытынды жұмысты сараптамалық бағалау (күндізгі немесе қашықтан).

Қашықтан оқытуға арналған техникалық жағдайлар:

Білім беру платформаларына қолжетімділік (Google Classroom, Moodle, Microsoft Teams және т.б.);

Вебинарларды өткізу үшін Zoom немесе Google Meet платформаларын қолдану;

Цифрлық оқу контенті: бейнематериалдар, нормативтік-әдістемелік ресурстар, құжаттама үлгілері.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

Әр модуль бойынша оқу-әдістемелік кешендер;

Өзіндік және практикалық жұмыстарға арналған тапсырмалар;

Бағалау карталары, педагогикалық қорытындылар, жеке білім беру бағдарламаларының (ЖББ) үлгілері;

Жаттығулар, тренажерлер, цифрлық қосымшаларға қолжетімділік;

Қорытынды тапсырма (қорғау, презентация немесе сараптамалық рецензиялау мүмкіндігімен).

Оқу процесін ұйымдастыру келесі негіздерді ескереді:

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламаларына қойылатын қолданыстағы нормативтік талаптарды;

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚК) құрамындағы тифлопедагогтің кәсіби қызметінің ерекшеліктерін;

Икемділік, практикалық бағдар, қолжетімділік және бағдарламаның цифрлық үйлесімділігі қағидаларын.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Біліктілікті арттыру бағдарламасының оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі модульдік, практикаға бағытталған оқыту, рефлексиялық тәсіл және тыңдаушылардың кәсіби тәжірибесін өзектілендіру қағидаларына негізделген.

Бағдарлама өзара байланысқан алты модульден тұрады, олардың әрқайсысы нормативтік-құқықтық базаны меңгеруге, тифлопедагогтің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға, көру қабілеті зақымдалған білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін диагностикалау, оқыту және түзете-дамыту әдістерін игеруге, сондай-ақ цифрлық және ассистивті технологиялар мен заманауи педагогикалық шешімдерді қолдануға бағытталған дидактикалық материалдар кешенімен қамтамасыз етілген.

Әрбір модульдің әдістемелік құрылымы:

Теориялық блок

Презентациялармен қамтамасыз етілген дәрістер және бейнедәрістер;

Авторлық түсіндірме мәтіндері және нормативтік-құқықтық базадан үзінділер (кәсіби стандарт, тифлопедагогтің біліктілік сипаттамасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтары және т.б.);

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі, материалдар, сондай-ақ арнайы педагогика және тифлопедагогика саласындағы өзекті цифрлық ресурстар.

Тәжірибеге бағытталған блок

Әдістемелік кейстер, білім алушылардың даму карталары, педагогикалық профильдер;

Үлгілер: педагогикалық қорытынды, түзете-дамыту бағдарламасы, диагностикалық тексеру материалдары;

Кестелер: көру қабілеті зақымдалған білім алушылардың даму ерекшеліктерін салыстыру, қолдау және оқыту технологияларын іріктеу, даму динамикасын мониторингтеу, түзете-дамыту жаттығуларын жоспарлау.

Бақылау-бағалау блогы
Жеке және топтық жұмысқа арналған тапсырмалар;
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар, практикалық тренингтер, кейстерді талдау;

Өзін-өзі бағалау критерийлері: чек-парақтар, құзыреттіліктерді дамыту матрицалары, рефлексия парақтары, шағын диагностикалық тесттер.

Жалпы дидактикалық сүйемелдеу:
материалдардың әр түрімен жұмыс бойынша әдістемелік ұсынымдар;
модульдер бойынша жеке оқу траекториялары (модульдерді тыңдаушы ыңғайлы кестемен меңгере алады);

LMS-платформасында (Google Classroom, Moodle, Teams) электрондық курсқа қолжетімділік:

дәрістер мен презентациялар;
нормативтік база;
тапсырмалар мен үлгілер;
рефлексиялық құралдар;
жеке және топтық жұмысқа арналған тапсырмалар (диагностика, түзете-дамыту жаттығуларын жоспарлау);
чаттар, консультациялар, форумдар арқылы тыңдаушыларды сүйемелдеу;

Бағалау критерийлері:
Кестелер, қорытынды жобаны бағалау парақтары, чек-парақтар, тифлопедагогтың негізгі іс-әрекеттері бойынша рубрикаторлар.

Модуль 1. Тифлопедагог қызметінің нормативтік-құқықтық және кәсіби негіздері

Материал: «лауазымдық міндеттер – кәсіби стандарт – тифлопедагогтің біліктілігі» кестесі;

Интерактив: кәсіби құзыреттілік картасы;
Өзін-өзі бағалау: «Менің кәсіби жауапкершілік аймағым» чек-парағы;
Тапсырма: ППҚҚ құрамындағы тифлопедагогтің функционалдық профилін жасау.

Модуль 2. Психологиялық-педагогикалық қолдау және командалық жұмыс

Психологиялық-педагогикалық қолдау әдістерінің жинағы;
Білім алушының даму профилінің үлгісі және толтырылған мысалы;
Кейспен жұмыс: білім алушының даму ерекшеліктерін талдау және интерпретациялау;

ППҚҚ аясындағы өзара әрекеттесу сценарийлері мен коммуникациялық модельдер;

Өзін-өзі бағалау: кәсіби коммуникация және командалық жұмыс дағдыларының деңгейін анықтау шкаласы.

Модуль 3. Көру қабілеті зақымдалған балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау

Диагностикалық әдістер мен құралдардың жинағы;
Педагогикалық қорытындының үлгісі және оны рәсімдеу мысалдары;

Кейспен жұмыс: білім алушының даму профилін талдау және бағалау нәтижелерін интерпретациялау;

Цифрлық диагностикалық құралдар мен жасанды интеллект элементтерін қолдану мысалдары;

Өзін-өзі бағалау: диагностиканы жүргізудегі кәсіби сенімділік шкаласы.

Модуль 4. Тифлопедагогтің оқыту және түзете-дамыту жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуы

Материал: көру қабілеті зақымдалған білім алушылардың танымдық, кеңістіктік бағдарлану және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулықтар, түзете-дамыту жұмысының құрылымдық схемалары;

Интерактив: оқыту және түзете-дамыту сабақтарының модельдерін талдау, тиімді педагогикалық тәсілдерді іріктеу, сабақ құрылымын жобалау;

Практикум: білім алушының даму профилі негізінде жеке, кіші топтық және топтық сабақтардың жоспарын құрастыру, түзете-дамыту жаттығуларын әзірлеу;

Үлгілер: сабақ жоспарлары, түзете-дамыту бағдарламалары, оқу жетістіктерін бағалау және мониторинг жүргізу құралдары;

Кестелер: оқыту әдістері мен түзете-дамыту тәсілдерін салыстыру, білім алушылардың даму динамикасын мониторингтеу, тапсырмаларды саралап іріктеу;

Өзін-өзі бағалау: «Менің оқыту және түзете-дамыту жұмысымды жоспарлау деңгейім» чек-парағы, педагогикалық тиімділік көрсеткіштері.

Модуль 5. Тифлопедагог қызметіндегі заманауи технологиялар мен тиімді практикалар

Материал: заманауи педагогикалық технологиялар, тактильді, рельефті-графикалық және арнайы оқыту құралдары, цифрлық білім беру ресурстары, мультимедиалық материалдар және жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдануға арналған әдістемелік нұсқаулықтар;

Интерактив: цифрлық құралдар мен геймификация элементтерін қолдану арқылы оқыту тапсырмаларын талдау, тиімді технологияларды іріктеу;

Практикум: цифрлық тифлопедагогикалық әзірleme дайындау (тактильді тапсырмалар, мультимедиалық жаттығулар, онлайн ресурстар жинағы), оқу процесіне технологияларды кіріктіру;

Үлгілер: цифрлық оқу материалдары, тактильді қолдау құралдары, интерактивті тапсырмалар, онлайн платформаларда қолдануға арналған ресурстар;

Кестелер: педагогикалық технологияларды салыстыру, цифрлық құралдарды іріктеу критерийлері, оқыту процесін дараландыру модельдері;

Өзін-өзі бағалау: «Менің цифрлық құзыреттілігім» чек-парағы, заманауи технологияларды қолдану деңгейін анықтау шкаласы.

Модуль 6. Тифлопедагогтің кәсіби дамуы және рефлексиясы

Материал: тифлопедагогтің кәсіби дамуының бағыттары, кәсіби стандарт талаптары, үздіксіз білім алу мүмкіндіктері, цифрлық портфолио жүргізу және әдістемелік материалдарды рәсімдеу бойынша нұсқаулықтар;

Интерактив: кәсіби даму траекториясын жоспарлау, рефлексиялық тапсырмалар орындау, тәжірибе алмасу және кәсіби жағдайларды талдау;

Практикум: цифрлық портфолио әзірлеу, авторлық әдістемелік материал немесе шағын жоба дайындау, кәсіби жетістіктерді жүйелеу;

Үлгілер: цифрлық портфолио құрылымы, әдістемелік әзірлемелер, авторлық бағдарламалар, кәсіби даму жоспарының үлгілері;

Кестелер: кәсіби құзыреттіліктерді дамыту матрицасы, кәсіби өсу кезеңдері, аттестацияға дайындық жоспары;

Өзін-өзі бағалау: «Менің кәсіби даму деңгейім» чек-парағы, рефлексия парақтары, кәсіби мақсаттарды анықтау құралдары.

Оқу материалдарының форматтары:

PDF-брошюралар, интерактивті кестелер және үлгілер (Google Docs, Sheets);

Бейнетүсіндірмелер, презентациялар, глоссарийлер;

Тапсырмаларды орындау бойынша нұсқаулықтар мен парақтар;

Ерекше білім беруді қажет ететін тыңдаушыларға арналған бейімделген материалдар;

Нормативтік құжаттар бойынша екі тілді ресурстар (қазақша-орысша терминология).

Қорытынды әдістемелік сүйемелдеу:

Қорытынды жобаны (түзете-дамыту бағдарлама, әдістемелік әзірлеме) дайындау және қорғау бойынша консультациялар;

Оқу материалдарын, жеке білім беру бағдарламаларын, презентацияларды және цифрлық портфолионы рәсімдеу бойынша әдістемелік қолдау;

Бағалау критерийлері: жүзеге асыру мүмкіндігі, практикалық бағыттылық, нормативтік талаптарға сәйкестік, педагогикалық тиімділік.

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі:

Тифлопедагогиканың кәсіби және нормативтік контекстін терең түсінуді;

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚК) аясындағы тифлопедагогтің қолданбалы құралдарын дамытуды;

Пәнаралық және командалық жұмыс жағдайына тиімді бейімделуді;

Көру қабілеті зақымдалған білім алушыларды оқыту, түзете-дамыту және сүйемелдеу дағдыларын жетілдіруді;

Тифлопедагогтің кәсіби даму траекториясын жоспарлау және жүзеге асыру қабілетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Модульдер бойынша өзін-өзі бағалаудың типтік критерийлері:

Критерийлер	Бағаланатын аспектілер	Бағалау шкаласы (мысал)
--------------------	-------------------------------	--------------------------------

Модуль түсіну	мазмұнын	Тақырыптың негізгі ұғымдарын, нормативтік негіздерін, мақсаттары мен міндеттерін білу	1 – түсінбедім → 5 – толық түсіндім
Практикада мүмкіндігі	қолдану	Оқылған материалды өз қызметінде қолдану қабілеті	1 – қиындық туады → 5 – жеңіл енгіземін
Әрекеттегі сенімділік		Диагностикалық, түзете, әдістемелік міндеттерді орындаудағы сенімділік	1 – сенімсіз → 5 – сенімдімін
Құралдарды пайдалану		Шаблондарды, нормативтік актілерді, ЖББ, чек-парақтарды, цифрлық ресурстарды қолдану қабілеті	1 – қолданбаймын → 5 – үнемі қолданамын
Командалық әрекеттесу	өзара	Ынтымақтастыққа дайындық, ППҚҚ жұмысына қатысу, әріптестермен және ата-аналармен өзара әрекеттесу	1 – қиындықтар бар → 5 – тиімді әрекет етемін
Рефлексия және даму		Өз қызметін талдау және өсу мақсаттарын қою қабілеті	1 – талдамаймын → 5 – тұрақты рефлексия жасаймын

Тыңдаушылардың өзін-өзі бағалау формалары

Өзін-өзі бағалау – бағдарламаның маңызды компоненті, ол логопедтің рефлексиялық және кәсіби дағдыларын дамытуға, сондай-ақ мазмұнды меңгеру барысында жеке өсу динамикасын түсінуге бағытталған.

Өзін-өзі бағалау құралдары әр модуль бойынша және бағдарламаның қорытынды бөлімінде ұсынылады. Олар ішкі мотивацияны қалыптастыруға, дамуға бағдарлануға және кәсіби жаңаруға дайындыққа ықпал етеді. Барлық материалдар оқу-әдістемелік пакетке енгізілген және қолдану бойынша нұсқаулықтармен сүйемелденеді.

Модульдер аясындағы өзін-өзі бағалаудың кезеңдік формалары:

Модульдік чек-парақтар

Тыңдаушы әр модуль бойынша негізгі дағдылар мен түсініктерді меңгеру деңгейін бағалайды (Google Forms, Word немесе қағаз түрінде ұсынылуы мүмкін).

«Жеке жетістіктер парағы»

Форматы: «дейін/кейін» графасы (модульді оқуға дейінгі және кейінгі игерілген дағдыларды көрсетеді) — жеке прогресті тіркеуге көмектеседі.

Тифлопедаггтың құзыреттілік картасы

Негізгі кәсіби функцияларды қамтитын өз бетінше толтырылатын кесте, мұнда қатысушы қалыптасу деңгейін белгілейді (бастапқыдан сенімді игеруге дейін).

Рефлексиялық күнделік (қалауы бойынша)

Бағдарламаны меңгеру барысында туындайтын қиындықтар, жетістіктер, ойлар туралы қысқаша жазбалар. Еркін формада ұсынылуы мүмкін.

«Менің даму аймақтарым» қорытынды кестесі

Әрі қарай дамытуды қажет ететін құзыреттіліктерді талдау. Әр модульдің соңында немесе бүкіл бағдарламаның соңында құрастырылады.

Оқу аяқталғаннан кейінгі қорытынды өзін-өзі бағалау:

Сенімділік рейтингі

Қатысушы бағдарламаның негізгі блоктары бойынша кәсіби әрекеттерді орындаудағы сенімділігін 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалайды.

Рефлексиялық сұрақтарға жауап беру:

Бағдарламадағы қандай ақпарат мен үшін жаңа және ерекше маңызды болды?

Мен өз жұмысымда нені қолдана бастадым?

Әрі қарай қандай бағытта мақсатты түрде дамығым келеді?

Жеке кәсіби өсу жоспары (3–6 айға)

Жеке құжат түрінде рәсімделеді, тыңдаушы онда келесі қадамдарды жоспарлайды: оқыту, жаңа білімдерді енгізу, әдістемелік іс-шараларға қатысу, жарияланымдар және т.б.

Ескерту:

Өзін-өзі бағалау қорытынды бағаға немесе сертификаттауға әсер етпейді, бірақ ішкі диагностика, саналы оқыту және кәсіби даму траекториясын құру құралы ретінде пайдаланылады.

Құралдар бейімделген және көрнекі түсінікті түрде ұсынылған (Google-кестелері, формалар, pdf-бланкілер), электрондық платформа арқылы қолжетімді және әдістемелік материалдарда қайталанатын. Қажеттілікке қарай құралдар ерекше қажеттіліктері бар қатысушыларға ыңғайлы болуы үшін бейімделеді.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Бағдарлама аясындағы бағалау жүйесі ашықтық, объективтілік, қолданбалылық қағидаларына негізделген және ПМПК, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің және арнайы мектептер мен арнайы сыныптардың тифлопедагогтарының кәсіби профиліне толық сәйкес келеді.

Бағалау тек теориялық білімді меңгеруін тексеруге ғана емес, ең алдымен мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға тиімді тифлопедагогикалық

көмек көрсету үшін қажетті дағдылардың қалыптасу деңгейін бағалауға бағытталған.

Бағалау жүйесінің қағидалары:

Практикалық қолданбалылық: меңгерілген технологиялар мен құралдарды нақты тифлопедагогикалық тәжірибеде қолдану қабілетін бағалау.

Құзыреттілік тәсіл: коммуникация, талдау, жоспарлау, өзара әрекеттесу сияқты кәсіби және тұлғалық құзыреттіліктерді дамытуға басымдық беріледі.

Модульдік және кезеңдік: бағалау әр модульден кейін жүргізіледі және қорытынды аттестациямен аяқталады.

Формалардың вариативтілігі: мини-тесттерден бастап практикалық тапсырмалар мен жобаларды қорғауға дейін әртүрлі бағалау формалары қолданылады.

Рефлексия және өзін-өзі бағалау: кәсіби дағдылардың дамуын саналы түрде ұғыну, өсу аймақтарын жоспарлау және қателермен жұмыс істеу үшін қажет.

Бағалаудың түрлері мен әдістері:

1. Ағымдағы бақылау (модульдер бойынша)

Әр модуль аяқталғаннан кейін тыңдаушылар орындайды:

Негізгі ұғымдар, нормативтік талаптар, әдістер бойынша мини-тесттер;

Практикалық тапсырмалар:

Педагогикалық қорытынды жасау;

Білім алушының даму картасын талдау және интерпретациялау;

Түзете-дамыту сабағының үзіндісін құрастыру;

Тифлопедагогикалық құжаттаманы рәсімдеу;

Ситуациялық кейстер: педагогикалық жағдайларды шешу (мысалы, сыныптағы көру қабілеті зақымдалған білім алушыға қолдау көрсету);

Өзін-өзі бағалау: чек-парағын немесе жеке прогреске бақылау парағын толтыру;

Оқытушыдан кері байланыс алу.

2. Тыңдаушының өзіндік жұмысы

Келесі критерийлер бойынша бағаланады:

тапсырманың толық және дәл орындалуы;

модуль мазмұны мен тифлопедагогтің кәсіби қызметіне сәйкестігі;

шешімдердің практикалық құндылығы мен қолданбалылығы;

дәлелділігі, бастамашылдығы және дербестік деңгейі.

Өзіндік тапсырмаларға мысал ретінде:

түзете-дамыту жаттығуларын іріктеу, диагностикалық материалдар әзірлеу, сабақ жоспарларын құрастыру, жазбаша рефлексия жүргізу.

3. Қорытынды аттестаттау

Оқыту барысында әзірленген қорытынды тәжірибелік жобаны қорғау түрінде өтеді. Жоба бағдарламадағы барлық модульдер бойынша білім мен дағдылардың интеграцияланған нәтижесі болып табылады.

Қорытынды жоба нұсқалары:

Авторлық әдістемелік әзірleme немесе түзете-дамыту бағдарламасы (соның ішінде цифрлық);

Түзете-дамыту жаттығуларының жинағы және әдістемелік түсініктеме;

Құжаттама үлгілерін әзірлеу: даму картасы, сүйемелдеу жоспары, педагогикалық қорытынды;

Білім беру ұйымында тифлопедагогикалық тәжірибені жетілдіруге бағытталған жоба;

Тифлопедагогтің цифрлық портфолиосы (кәсіби жетістіктерді жүйелі ұсыну).

Қорғау формасы:

Күндізгі немесе қашықтан презентациялау;

Жұмыс нәтижелері бойынша рефлексия және оның кәсіби даму үшін маңыздылығын талдау;

Оқытушы немесе әдістемелік комиссия тарапынан сараптамалық бағалау (критерийлер бойынша: негізделгендік, жүзеге асыру мүмкіндігі, практикалық қолданбалылығы, рәсімделуі).

Өзін-өзі бағалау баға қоюға емес, рефлексиялық ұстанымды дамытуға және одан әрі кәсіби өсуге мотивация қалыптастыруға бағытталған.

Қорытынды жобаны бағалау критерийлері:

Критерийлер	Ең жоғары балл
Өзектілігі және кәсіби салаға сәйкестігі	10
Практикалық маңыздылығы және іске асырылу мүмкіндігі	10
Құрылымдық логикасы, толықтығы, нормативтік дұрыстығы	10
Әдістемелік сауаттылығы, үлгілерді (шаблондарды) қолдануы	10
Креативтілігі, педагогикалық икемділігі, бірегейлігі	10
Қорытынды балл	50 балл

Қосымша бағалау түрлері:

Тыңдаушының портфолиосы (қалау бойынша): орындалған тапсырмалар, презентациялар, әдістемелік материалдар, жұмыс парақтары және рефлексия парақтарының жинағы;

Негізгі модульдер бойынша онлайн-тестілеу (1–4 модульдер): білім беру ұйымының шешімі бойынша жүргізіледі;

Қатысу/аяқтау сертификаты: барлық тақырыптарды меңгергенде, тапсырмаларды орындағанда және қорытынды жобаны сәтті қорғаған жағдайда беріледі.

Бағалаудың кәсіби дамудағы рөлі:

Бағдарламадағы бағалау тек білім деңгейін анықтау құралы ғана емес, тыңдаушыны өзін-өзі дамыту, рефлексия жасау және кәсіби ұстанымын қалыптастыру процесіне белсенді түрде тартудың маңызды механизмі болып табылады. Аралық және қорытынды бағалау жүйесі арқылы тыңдаушы өз оқу нәтижелерін жүйелі түрде талдап, ілгерілеу динамикасын бақылай алады, нақты кері байланыс алады және кәсіби дамудың басым бағыттарын анықтайды. Бұл тәсіл тифлопедагогтің үздіксіз кәсіби өсуіне, тәжірибесін жетілдіруге және білім беру процесінде тиімді шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Қамтамасыз етілетін қолдау және қайта бағалау шаралары:

<p>1. Кеңес беру және сүйемелдеу:</p>	<p>Оқу материалын меңгеруде қиындықтарға тап болған тыңдаушылар келесі мүмкіндіктерге ие:</p> <p>тьютормен қосымша жеке онлайн-консультациялар алу;</p> <p>бейнематериалдарға, шаблондарға және презентацияларға қайтадан қол жеткізу;</p> <p>тапсырмаларды орындау және қорытынды жұмысты бағалау критерийлері бойынша түсініктемелер алу.</p>
<p>2. Тапсырмаларды орындау үшін қосымша уақыт беру:</p>	<p>Тыңдаушының өтініші немесе курс кураторының шешімі бойынша:</p> <p>жеке тапсырмаларды (мысалы, жоба, әдістемелік әзірleme) орындау мерзімін ұзарту (ең көбі 2 апта);</p> <p>ұйымдастырушының келісімі бойынша қорытынды қорғау немесе</p>

	қайта тапсыру мерзімін кейінге ауыстыру.
3. Қорытынды жұмысты қайта бағалау:	Егер тыңдаушы қорытынды аттестациядан өтпесе (30 балдан төмен жинаса), ол келесі құқықтарға ие: жоба бойынша сарапшылардың ескертулерін ескеріп, қайта қорғауға; не балама тапсырманы орындауға (курс әдіскерімен келісу бойынша).
4. Жартылай қайта оқыту:	Айтарлықтай артта қалған жағдайда тыңдаушыға ұсынылады: жеке модульдер бойынша қайта оқыту (мысалы, тек 2 немесе 3 модуль); консультациялық сүйемелдеумен модуль тапсырмаларын қайта орындау.
5. Академиялық шегерім (кейінге қалдыру) рәсімдеу:	Ерекше жағдайларда (ауру, демалыс, отбасылық жағдайлар) тыңдаушы: курсты кейінгі топпен аяқтау үшін шегерім ала алады; өтілген модульдердің бір бөлігін сақтап (сағаттар есепке алынып), оқуды кейін жалғастыра алады.

9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау – біліктілікті арттыру бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады және тыңдаушылардың кәсіби қызметінде алған білімдері мен дағдыларының тұрақтылығын әрі практикалық қолданысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл кезең кәсіби белсенділікті қолдауға, педагогикалық бастамаларды дамытуға, тәжірибе алмасуға және тыңдаушылардың курстан алған нәтижелерін нақты тәжірибеге енгізуіне бағдарланған.

Курстан кейінгі қолдаудың негізгі элементтері:

Курстан кейінгі қолдаудың мақсаттары::
--

жаңа білімдер мен құралдарды жүзеге асыруда әдістемелік қолдау көрсету;	кәсіби қарым-қатынасты жалғастыру және тәжірибе алмасу үшін жағдай жасау;	консультациялар, супервизия және сараптамалық кері байланыс алу мүмкіндіктерін ұсыну;	педагогтің тәжірибесіне өзін-өзі дамыту және өзін-өзі талдау элементтерін енгізуге ықпал ету.
Курстан кейінгі қолдау форматтары:			
Жеке әдістемелік кеңес беру:	<p>онлайн байланыс арқылы (электрондық пошта, мессенджерлер, LMS платформалары);</p> <p>ЖББ іске асыру, құжаттаманы жүргізу, ППҚҚ шеңберіндегі өзара әрекеттесу мәселелері бойынша қолдау;</p> <p>тыңдаушылардың педагогикалық әзірлемелерін енгізу бойынша сараптамалық ұсынымдар.</p>		
Курстан кейінгі вебинарлар және әдістемелік шеберханалар::	<p>курс аяқталғаннан кейін 1–2 айдан соң тақырыптық онлайн-кездесулер өткізу;</p> <p>тыңдаушылардың сәтті енгізген кейстерін талдау;</p> <p>білімді практикада қолдану кезінде туындаған күрделі сұрақтарға жауаптар беру.</p>		
Кәсіби қарым-қатынас форумы/тобы:	<p>кәсіби чатқа немесе онлайн-топқа (Telegram, WhatsApp, Google-топтар) қолжетімділік;</p> <p>шаблондармен, құжаттармен, сұраулармен және шешімдермен алмасу;</p> <p>горизонталды тәлімгерлікті ынталан дыру (peer-to-peer қолдау).</p>		
Онлайн-кітапхана және әдістемелік банк:	курс материалдарына тұрақты қолжетімділік;		

	нормативтік базаны, шаблондарды, нұсқаулықтарды тұрақты жаңарту; жаңа әдебиет, жарияланымдар және іс-шаралар бойынша ұсыныстар.
Қорытынды енгізуді ерікті супервизиялау:	өз бағдарламаларын диагностикалау және рефлексиялауға ерікті түрде қатысуға шақыру; жеке білім беру маршруттарын іске асыруды сүйемелдеу; орталық әдіскерлерімен педагогикалық әсерлерді талдау.
Қолдау әдістері:	
жеке сұраныстарға жауаптар);	практика мен нәтижелерді талдау;
сауалнамалар, күнделіктер, талқылаулар;	топтық кейстер шешімі, материалдарды бірлесіп әзірлеу.
Ұзақтығы және форматы:	курс аяқталғаннан кейін 12 айға дейін; қашықтан, икемді кесте бойынша; тыңдаушының қалауы бойынша немесе әдіскердің шақыруы бойынша.
Курстан кейінгі қолдаудың нәтижелері:	педагогтің алған білімдерін тәжірибеде қолдау сенімділігінің артуы;
	Дұрыс құжаттама формаларын тәжірибеге белсенді енгізу;
	кәсіби қоғамдастыққа және әдістемелік белсенділікке қатысудың артуы;
	рефлексияның пайда болуы, бастамашылдықтың және одан әрі оқуға дайындықтың өсуі.

10.Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі:

Заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер тізімі

1. Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/B940001400>

2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (15.04.2025 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>

3. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ Заңы (30.12.2024 ж. № 148-VIII өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>

4. Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы (01.07.2023 ж. № 226-VII өзгертулермен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>

5. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы (13.04.2025 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345>

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 мамырда № 20567 болып тіркелген <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020567#z10>

7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 тіркелген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (15.04.2025 ж. № 74 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы (25.04.2025 ж. № 271 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>

9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда № 5750 тіркелген. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы (07.08.2023 ж. № 249 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750>

10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы (31.03.2025 ж. № 59 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329>

11. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 қаңтарда № 26618 болып тіркелді. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618>

12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 тіркелген. Педагогтердің жүргізуі міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы (30.04.2025 ж. № 98 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>

13. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 36047 тіркелген. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036047>

14. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 бұйрығы. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету стандартын бекіту туралы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036137>

Негізгі әдебиеттер:

1. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. 2025. Инклюзивті білім беру ортасы жағдайында цифрлық технологияларды пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 160 б. <https://uba.edu.kz/storage/app/media/444%20ZZAA%20KZ%20KZ.pdf>

2. Абаева Ғ. А. (2014). *Арнайы педагогика және психология негіздері: оқу құралы.* – Алматы, 146 б. <https://biblio.rii.kz/wp-content/uploads/Books/KAZ/IiSGD/AIGP/PSIX/%D0%90%D1%80%D0%BD%D0%B0%D0%B9%D1%8B%20%D0%BF%D0%B5%D0%B4%D0%B0%D0%B3%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D0%BA%D0%B0%20%D0%B6%D3%99%D0%BD%D0%B5%20%D0%BF%D1%81%D0%B8%D1%85%20%D0%BD%D0%B5%D0%B3.pdf>

3. Болдинова О. Г. (2022). Методика развития пространственного ориентирования и мобильности у обучающихся с нарушением зрения: методическое пособие. – Москва: ИКП РАО. <https://library.prcvi.org/link/catalog25656>

4. Глухов, В.П. Специальная педагогика и специальная психология [Текст] : учеб.для acad.бакалавриата, обуч-ся по гуманит.напр.: Рек.УМО высш.образования / Моск.пед.гос.ун-т. - 2-е изд.,испр.и доп. - Москва : Юрайт, 2017. - 264 с. - (Бакалавр. Академический курс). - Библиогр.:с.260-264. - ISBN 978-5-534-01037-4 : 541-70.

5. Ольхина Е. А. Тифлопедагогика с основами тифлопсихологии : Учеб мет. Пособие. Н. Новгород.: Мининский университет. 2016. 86 с.

6. Буцук, Т.В. Театрализованная деятельность в коррекционно-развивающей работе с детьми, имеющими нарушения зрения: практическое пособие для педагогов / Т.В. Буцук, Л.Б. Осипова. – Челябинск : Цицеро, 2013. – 55 с.

7. Специальная педагогика : учеб для академ. Бакалавриата. / Под. ред Л. В. Мардахаева, Е. А. Орлоаой. М.: Юрайт, 2017. 448 с.

8. В помощь тифлопедагогу ДОУ: Учебно-методическое пособие для студентов высших педагогических учебных заведений дефектологических факультетов / Авторы-сост. Л.А.Дружинина, Л.Б. Осипова. Челябинск: Цецеро, 2010. 154 с.

9. Грищенко, Т. А. Сенсорное развитие детей на занятиях в специальных (коррекционных) образовательных учреждениях [Текст] : метод. пособие : 16+ / Т. А. Грищенко. - М.: ВЛАДОС, 2014. - 95 с.

10. Психолого-педагогическое сопровождение семьи ребенка с ограниченными возможностями здоровья [Текст] : учеб.для студентов вузов,обуч-ся по напр."Спец.(дефектол.) образование": Рек.ФГБОУ ВПО "МПГУ" / Под ред. В.В.Ткачевой. – Москва: Академия, 2014. - 272 с.

11. Смирнов, Г. А. Запись нот по системе Брайля : в 2 ч. Ч. 2. Краткое руководство для зрячих музыкантов, работающих со слепыми [Текст] / Г. А. Смирнов. - М. : ИПТК «Логос» ВОС. - 2002. - 261 с.

12. Обучение незрячих детей музыке [Электронный ресурс]. - Режим доступа: [http:// www.forumklassika.ru/showthread. php?t=38860](http://www.forumklassika.ru/showthread.php?t=38860)

13 Кулаков, В. Н. Формирование компенсаторных факторов у незрячих музыкантов как условие оптимизации учебного процесса [Текст] / В. Н. Кулаков : автореф. дис. ... канд. пед. наук. - М., 2000. - 21 с.

14. Ерсарина, А. К. Мектептегі оқу қиындықтарының психологиялық-педагогикалық диагностикасы: әдістемелік ұсыныстар. Алматы: 2024, АИБД ҰҒПО. ISBN 978-601-14-0298-9.

17. ИКП РАО. (2022). *Методические рекомендации к предметной области «Технология» для слепых и слабовидящих обучающихся (варианты программ)*. <https://www.aph.org/product/foundations-of-education-volume-i-history-and-theory-of-teaching-children-and-youths-with-visual-impairments/>

18. Illinois State Board of Education. (n.d.). *Best Practices Guide for the Education of Students Who Are Blind or Visually Impaired*. <https://www.isbe.net/Documents/comp-best-practices.pdf>

Қосымша әдебиеттер

21 Гаджиева Л. В., Павлюченко В. И. Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды оқытуды дараландырудың формасы ретінде информатика және математика пәндерінен жұмыс парақтары. 2024-02-23. URI: <https://repo.kspi.kz/handle/123456789/7662>

22. Шатских А. А. Инклюзивті білім беру: барлық білім алушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудегі қиындықтар. 2024-02-23. URI: <https://repo.kspi.kz/handle/123456789/7757>

23. Заречнева О. И., Михайличенко И. А. Инклюзия = Қазіргі заманғы

білім бе? 2023-02-17. URI: <https://repo.kspi.kz/handle/123456789/6479>

24. Оспанова А. М., Кантарбаева Д. Е. Тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушыларды инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесі. 2024-02-23. URI: <https://repo.kspi.kz/handle/123456789/7732>

25. Кулешова М.В., Панков В.А. Психологический профиль пациентов с нейросенсор-ной тугоухостью профессионального генега: пилотное исследование. Acta Biomedica Scientifica. 2021; 6 (5): 136-144.

26. Фоменко А. С. Инклюзивті білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру. 2024-02-23. URI: <https://repo.kspi.kz/handle/123456789/7753>

27. Konjuhova E.Ju. Specifika formirovanija go-tovnosti k professional'noj samorealizacii slepyh i slabovidjashhih detej v special'nyh (korrekcionnyh) shkolah-internatah Ural'skogo regiona: istoricheskij aspekt // Pedagogicheskoe obrazovanie v Rossii. Ekaterinburg. 2015. № 3. S. 132-136.

28. Бобков В.В., Чечельницкая С.М. Методика отбора учащихся с ОВЗ для выполнения комплекса ГТО // Культура физическая и здоровье. 2017. № 2 (62). С. 64-66.

29. Евсеева М.Е., Муравьева В.Н., Ерёмин В.А., Ерёмин М.В., Галькова И.Ю., Чудновский Е.В., Мищенко Е.А., Русиди А.В. Центр студенческого здоровья: основные направления работы на современном этапе // Профилактическая медицина. 2013. Т. 16. № 1. С. 8-12.

30. Костенко М.А. Тенденции и проблемы становления системы психосоциальной помощи семьям с детьми в регионах России // Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. 2014. № 4 (132). С. 179-185.